



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2018 жыл 5 қараша

Астана қ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ: МҰНАЙ ӨНІМІНІҢ ТӨМЕНДЕУІНЕ ҚАРАМАСТАН АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫ ДАМУ ҮСТІНДЕ

Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында Қырымбек Көшербаев ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының аясында Қызылорда облысының негізгі жетістіктері туралы, сондай-ақ 2018 жылдың 9 айдағы қорытындылары бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады.

Облыс әкімі өңір экономикасы үшін соңғы 6 жыл ішінде мұнай өндіру көлемінің 10-12%-ға қысқаруы маңызды мәселеге айналғанын атап өтті.

"Республика бойынша өнім көлемі азаюының 70%-дан астамы Қызылорда облысында орын алды. Осы уақыт ішінде жалпы алғанда біз 4,5 млн. тонна өнімді жоғалттық, ал, бұл дегеніміз - инвестиция, жұмыс орындары және бизнес. Тек ағымдағы жылдың өзінде болжам бойынша 600 мың тоннадан астам жетіспеушілік байқалды. Бірақ, жүйелі шаралар нәтижесінде 2017 жылдың қорытындысы бойынша соңғы 4 жылда бірінші рет ЖІӨ бойынша оң векторға - 100,8% шықтық. Мұнай мен бүгінгі таңда уран өндіру көлемінің жыл сайынғы төмендеуіне қарамай, бұл жоспар биыл да орындалады", - деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, соңғы 3 жылда өңдеуші өнеркәсіпте негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі екі есеге жуық, яғни 184%, жұмыспен қамтылғандар саны 55%-дан астам, еңбек өнімділігі 18%-ға, ал, жалпы қосылған құн 31%-ға өсті.

Аймақ басшысының айтуынша, өңір үшін негізгі міндет - шикізаттық емес секторды дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру болып табылады.

"Желтоқсан айында Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан тампонажды цемент зауытын мерзімінен бұрын іске қосамыз. 26 қазанда "Шалқия" қорғасын-мырыш кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы басталды. Осы жылы біз шыны зауытын да пайдалануға береміз деп жоспарлаған едік, бірақ, өкінішке қарай, құрылтайшылар арасында туындаған мәселелерге байланысты зауыттың іске қосылу мерзімі 2019 жылға өзгертілді", - деп атап өтті облыс әкімі.


Сонымен қатар, 2019 жылы тұзды қайта өңдеу және кальцийленген сода өндіру зауыттарының құрылысы жоспарлануда.

Күріш шаруашылығы өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің жетекші саласы болып қала береді. Су тапшылығы мен ауа райының қолайсыздығына қарамастан, биылғы жылы күрішшілер 473 мың тонна (54,5 ц/га) өнім жинады.

"Экономикадағы оң үрдістер 2 жыл бойы жұмыссыздық деңгейін 4,8% шегінде ұстап тұруға мүмкіндік берді. Бұл бүгінде республика бойынша орта есеппен салыстырғанда біршама төмен. Осы жылдар ішінде экономикалық қиындықтарға қарамастан, біз қызметкерлерді кәсіпорындардан жаппай қысқартпауға ғана емес, соңғы 6 жылда 68 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға қол жеткіздік", - деді аймақ басшысы.

Айта кету керек, 2018 жылдың басында аулаішілік тексерістің нәтижесінде, облыста 97 538 өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыз азаматтар анықталса, 9 айдың ішінде олардың саны 62 мың адамға қысқарды, яғни бүгінгі таңда 36 мың адамды құрайды. Атап өтейік, шағын және орта бизнес саласында 14 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды.

"Осы санаттағы адамдармен жұмыс істеу үшін 2014 жылы біз ауылдық жерлердегі жұмыссыздардың да кредиттік ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ететін қолайлы





кепілдік саясатымен Өңірлік инвестиция орталығын құрдық. Биыл аталмыш орталықтың жұмысын үйлестіруге облыстық бюджеттен 1 млрд.теңге бөлінді. Оның шеңберінде 270 шағын бизнес субъектілерінің жобасы қаржыландырылды және 500-ге жуық тұрақты жұмыс орны құрылды. Әлеуметтік осал топтағы азаматтар санын қысқартудың ең тиімді жолы – шағын және орта бизнесті дамыту", - деді аймақ басшысы.

Естеріңізге сала кетейік, Қызылорда облысы әкімдігінің, мәслихаттың, "Нұр Отан" партиясы филиалының, қоғамдық кеңестің және "Атамекен" өңірлік кәсіпкерлер палатасының бірлескен шешімімен 2018-2020 жылдар жаппай кәсіпкерлікті дамыту жылы болып жарияланды. Өңірде кешенді "Жол картасы" әзірленді, оны іске асыруға ағымдағы жылы 32 млрд.теңгеден астам қаражат бөлінді. Оның ішінде 3 млрд. теңгеден астамы стартап жобаларға қарастырылған.

Жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде облыста жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны соңғы жылда 11%-ға өсті (бұл республика бойынша ең үздік нәтиже болып табылады).

Сонымен қатар, өңірде сумен қамтамасыз ету және газбен жабдықтау мәселелері шешімін табуда. Қазіргі таңда аймақ халқының 95%-ы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген және 63%-ы табиғи газды тұтынады. Өткен жылы Қызылорда қаласын және 7 аудан орталығының 4-і газдандырылды. 2017 жылы Байқоңыр қаласына газ берілді. Биыл қалған үш аудан орталығына, атап айтқанда, Қармақшы, Сырдария және Жалағаш аудандарына газ жеткізілетін болады. Ал 2019 жылы елді мекендердегі газ желісінің құрылысы жүргізіледі. Сонымен, 2020 жылға қарай тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету деңгейін 95% жеткізу міндеті қойылып отыр.

Тағы бір басым бағыттардың бірі - өмір тіршілігінің барлық салаларын онлайн-қызметтермен қамтамасыз ету. Бүгінде өңірде түрлі салаларды цифрландыру мақсатында 37 жобаның тізбесі құрылды (қауіпсіздік, бизнес, АӨК, денсаулық сақтау, көлік және құрылыс, қалалық ТКШ және білім беру, мәдениет басқармасы бойынша). Цифрландыру процесін қарқынды дамыту үшін облыстық цифрлық технологиялар басқармасы құрылды.

Баспасөз хабарлама
тел. +7 777 499 06 84



Все материалы брифинга можете получить автоматически:
КОМУ: sck.astana@g-global.org
ТЕМА: 16.20



КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ: ЭКОНОМИКА РЕГИОНА РАЗВИВАЕТСЯ НЕСМОТРЯ НА ПАДЕНИЕ ДОБЫЧИ НЕФТИ

В Службе центральных коммуникаций аким Кызылординской области Крымбек Кушербаев рассказал о главных достижениях региона в рамках реализации Послания Президента РК народу Казахстана, а также о социально-экономическом развитии региона по итогам 9 месяцев 2018 года.

Аким области отметил, что на протяжении последних 6 лет большой проблемой для экономики региона стало сокращение объемов добычи нефти ежегодно на 10-12%.

"Более 70% падения добычи по республике пришлось именно на Кызылординскую область. За это время в общей сложности мы потеряли добычу порядка 4,5 млн. тонн, а это, инвестиции, рабочие места и сопутствующий бизнес. Только в текущем году по прогнозам мы недоберем более 600 тыс. тонн. Но, в результате системных мер, по итогам 2017 года, впервые за последние 4 года, мы вышли на положительный вектор по ВРП - 100,8%. Удастся удерживать эту планку и в этом году, даже с учетом ежегодного снижения добычи нефти, а теперь еще и урана", - отметил аким области.

Отметим, что в регионе за последние 3 года в обрабатывающей промышленности объем инвестиций в основной капитал вырос почти вдвое - 184%, численность занятых - более, чем на 55%, производительность труда - на 18%, а валовая добавленная стоимость - на 31%.

По словам акима, основной задачей для региона по-прежнему, остается диверсификация экономики через развитие несырьевого сектора.

"Уже в декабре мы досрочно, введем тампонажный цементный завод, который реализуется в рамках программы казахстанско-китайского сотрудничества. Буквально 26 октября мы заложили капсулу времени, дав таким образом старт строительству горно-обогатительного комбината на свинцово-цинковом месторождении «Шалкия». В этом году мы рассчитывали ввести и стекольный завод, но, к сожалению, по независящим от нас обстоятельствам из-за вопросов, возникших между учредителями, ввод завода переносится на 2019 год", - отметил глава региона.

Кроме того, в 2019 году планируется строительство заводов по переработке соли и по производству кальцинированной соды.

При этом рисоводство по-прежнему остается ведущей отраслью АПК региона. Несмотря на то, что год был сложным из-за маловодья и холодной весны, в т.г. все же собран хороший урожай риса – 473 тыс. тонн (54,5 ц/га).

"Положительные тенденции в экономике позволяют уже на протяжении почти 2 лет удерживать уровень безработицы в пределах 4,8%. Это сегодня даже несколько ниже, чем в среднем по республике. Все эти годы, несмотря на экономические трудности, нам удавалось не только не допустить массовых сокращений работников с предприятий, но и создать за последние 6 лет свыше 68 тысяч новых рабочих мест", - подчеркнул аким области.

Отметим, что в области на начало 2018 года по итогам подворового обхода насчитывалось 97 538 непродуктивно samozанятых и безработных граждан, за 9 месяцев их число сокращено почти на 62 тыс. человек или на 63,5%. Отметим, что более 14 тысяч трудоустроены в сфере МСБ.





"Для работы с такой категорией людей еще в 2014 году мы создали Региональный инвестиционный центр со своей гибкой залоговой политикой, обеспечивающей доступ к кредитным ресурсам даже безработным из сельской местности. Только в этом году на капитализацию РИЦ из областного бюджета был выделен 1 млрд.тенге в рамках которых профинансировано 270 проектов субъектов микробизнеса и создано порядка 500 постоянных рабочих мест. Самый эффективный способ сократить число социально уязвимых граждан – это развитие малого и среднего бизнеса ", - подчеркнул глава региона.

Напомним, что, совместным решением акимата, маслихата, филиала партии «Нур Отан», Общественного совета и региональной палаты предпринимателей «Атамекен» 2018-2020 годы в Кызылординской области объявлены Трехлетием развития массового предпринимательства. В регионе разработана комплексная «Дорожная карта», на реализацию которой в текущем году за счет всех источников предусмотрено более 32 млрд.тенге, из них свыше 3 млрд.тенге – на стартап проекты. В результате системных мер, число действующих в области субъектов предпринимательства только за последний год выросло более, чем на 11% (по темпам, это, кстати, лучший результат по стране).

Вместе с тем, в регионе решаются вопросы водообеспечения и газоснабжения. Сегодня 95% населения области обеспечено централизованным водоснабжением и 63% населения - уже имеют возможность потреблять природный газ. В прошлые годы газифицированы г.Кызылорда и 4 из 7 районных центров. В 2017 году – подали газ в г.Байконыр. В этом году газ будет доведен до оставшихся трех районных центров - Кармакшинского, Сырдарьинского и Жалагашского. А в 2019 году начнется строительство внутрипоселковых газовых сетей. К 2020 году поставлена задача довести уровень обеспеченности населения газоснабжением до 95%.

Еще одним из приоритетных направлений развития региона - это обеспечение онлайн - сервисами все сферы жизнедеятельности. Сегодня в регионе в целях цифровизации различных сфер сформирован перечень из 37 проектов (по безопасности, бизнесу, АПК, здравоохранению, транспорту и строительству, по городскому управлению ЖКХ и образованию, культуре). Для более динамичного развития процесса цифровизации создано областное управление цифровых технологий.

Пресс-служба
тел. +7 777 499 06 84



Все материалы брифинга можете получить автоматически:
КОМУ: sck.astana@g-global.org
ТЕМА: 16.20